

егемен

Азатстан

Қанипаның қадірі

Ақыл мен байлықты қазақта тең ұстаған Абайдан асқан адам жоқ болуы керек. Сол дана да дара Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп», дейді. Осыны орындау үшін де жүрегің таза, ой-санаң тұнық болуы тиіс. Сырты жылтырағанмен, ішінде кірбіңі көптен кісілік те, кішілік те шыға бермейді. Ондайлардың бойынан турашылдық та табыла қоймайды. Тек қызмет, жылтыр атақ, жалған абырой – осы секілді күнімдік күнкөріс өркен «жайып» соның көлеңкесінде көлбеңдей береді. Осының бәрінен ада, жолы сан тарау, ойлы адамның санасына зіл батпан жүкті бұрын да, қазір де, алда да артқан заманда өлшеулі өмірін жұртым қазақ, ұлтым қазақ, ұрпағым да қазақ болып өсуі керек, деп кеңес тұсында да, ата-баба арманы ақталған, ақ ниет тілектер бір арнаға тоғысқан тәуелсіздіктің ширек гасырға таяу кезеңінде де ақиқаттан аттамай, жүрегіңді шымырлататын шындық сөзгезана тізе бүккен қыран тектес қазақтың Қанипасындай қайсар қызы фәниден бақиға аттанғалы да бір жылға таяды.



Қазір ұлттық мектеп туралы сөз көп. Бұл арынды да, барынды да ақша билеген капитализмнің бізге теліген тентек қасиетінен өрбіп отыр ма, кім білсін. Осы арада ұрпақ тағдырына жауап беретін министр болып отырғанда «Ұлттық мектептің ұлы мұраты» деп үн қатып, сол мектептің ұлы діңгегі әлі де жүрісінен жаңыла қоймаған, қазақтың қаймағы, болашағы – ауыл мектебі, соны көтеріп, көсегесін көгертуді мақсат еткен халқымыздың ардақты қыздарының бірі Қанипаның қадірін ерте білген Шәмша Беркімбаеваның: «Ұстаз – ең әуелі өзінің азды-көпті өмірін халқына, еліне арнаған, айналасына имандылық, адамгершілік, мейірім шуағын сепкен, тәлімнің қайнар бұлағы, үлгісі, соңынан адам баласын білім мен ізгілікке қалай жетелеу керектігі жөнінде үлгі-өнеге, ұлағатты кейінгі ұрпаққа мұраға қалдырар тұлға. Егер еліміздің Қанипадай ұстаздары көп болса, қазір күн тәртібінде тұрған ұлттық мектептің өзекті мәселелері жеңілдер еді. Қанипа ұлттық мектеп күн тәртібінде тұрмаған кездің өзінде оның ұлы мұраты үшін ұшан-теңіз еңбек етті, аты аңызға айналды, ұстаз мамандығын биікке көтерді. Ұлы Әуезов шығармаларын оқыту туралы алғаш рет үш еңбек жазған да Қанипа, республиканың түкпір-түкпірін аралап, дәріс оқып, тәжірибесін ортаға салудан шаршамайтын, жанкешті еңбек иесі де Қанипа. Атаулы мектеп ашып, әдебиетті тереңдете оқыту мәселесімен айналысып жүрген де Қанипа», деген сөзі ойға оралып отыр. Жақсы жақсыны қалай бағалайды десеңізші!

«Ұстаздық – ұлы құрмет», деген Бауыржан Момышұлы сөзіне шаң жұқтырмай, әй, кәпір дегізбей ту етіп көтерген ұлт ұстазы Бітібаеваның атак-абыройына жұрт қанық. Екінші өмірі басталған ендігі жерде сол абырой-атаққа жеткізген еңбегін, үйренер үлгісін, үкілеп ұстар өнегесін, білім беру ісіндегі ұлан-ғайыр тәжірибесін, елу томға жуық бай мұрасын, әспеттеуге тұрарлық әдістемесін отандық оқу жүйесіне енгізу мәселесі алдан шығып тұр. Бүкіл саналы өмірін бала тәрбиесіне, оқытуға арнаған ұстаз қызметке қызықпаған. Кәдімгідей мәртебе саналатын мектеп директорының орынбасары болып та көрмеген. «Талпынып көрмедіңіз бе?» десен: «Біреуге құл болғанша, оқушыларыма «құл» болғаннан артық не бар?!» дейтін. «Елу томға таяу еңбек жазыпсыз. Оның ішінде ғылыми атақтан «кенде» бола тұрып, Абай мен Мұхтардың шығармашылығын, оқыту әдістемесінен тұңғыш еңбек жаздыңыз?..». «Емеурінің белгілі болып тұр. Ол мамандығыма деген махаббатым жетелеген... Абай мен Мұхтардың киелі аруағы, олармен шектеліп қалмадым. Ұлы әдебиетші Қоңыратбаев пен Көшімбаевтың «Әдебиетті оқыту әдістемесі» деген оқулығын іздеп таппаған соң, ұлт мектебінің ұланы үшін мен де сол тақырыпқа бет бұрып, оқытудың теориясы мен практикасын ұштастыра отырып бір кітап жазғанмын. Оның бағасын жұрт беріп жатыр», деп алып, әділдікке келгенде бет қаратпайтын ежелгі әдетімен: «Е, ғылыми атақ дейсің, ә? Шынайы терең білімді адамдар ғалымдық куәлікке жүгірмейді әрі ол куәлік ешнәрсе шешпейді, білім баста болады емес пе, мен диссертация қорғай алмай қалыпты дегендерді естімедім, бәрі қорғайды, бірақ ғалымдар саусақпен санарлық қой. Диссертация қорғамаған Шоқанды ғалым емес деп кім айтады», дейтін де: «Мен Қанипадан кез келген әдеби кейіпкерге айналып жүре беремін. Жаңа оқу жылы басталысымен Шоқанды, Абайды, қасиетті сөз шеберлерін оқушылармен қайта оқи бастаймын. «Абай жолын» 30 рет оқыдым, егер Алла менің тілеуімді қабыл алса, өмір бойы оқи берер едім... Шіркін, шәкірттерімнің арасында Абайды айтып жатып о дүниеге ақырын жылжып, өтіп кетсем» деп кейде армандаймын. Кім білсін?!», дейтін ұлтының ұлысын сүйген ұлы жүрек. Ол дегеніне жетті. Өзімен бірге Абай мен Мұхтар шығармаларын қабіріне ала кетті. Ұстаздардың іс-тәжірибесі зерттеліп, арнаулы әдістемелік, педагогикалық дүниелер біздің республикамызда жазылды ма?! Кезінде Шаталовтардың әдістемелері кеңінен таралды, ал бізде ше? Оның басты себебі, насихаттаудың аздығы, мәселенің ашығын, төтесінен айтсақ, кең, терең білімді зерттеуші педагог журналистердің Қазақстанда әлі жоқтығы дер едім», дейтін ежірейе қарап. Сөйтетін де грузин Амонашвилиді, Шаталовты, Ильиндерді танытқан Лев Красновский сияқты ірі педагог-журналистер екенін дәлелдеп бағатын. Артынан сондай мықты маман журналистер қашан шығар екен қазақ арасынан дегенді де қосып қоюшы еді.

Қанипа Омарғалиқызымен жүздескен сайын тынысың кеңіп, алдымен қазақ болу керектігін ұғатынсың. Ол мұндай қасиетін КСРО заманында да көрсете алған. КСРО Мемлекеттік сыйлығын омырауына таққан тұсында: «Сіз бір-екі ауыз сөзбен партияға, басшыларға рахмет айтсаңыз?» дегенде Ягодин атты министрге: «Ұлы адамдар ортақ қой, біз Пушкинді,

Лермонтовты, тағы да басқа орыс ақындарын, әлем әдебиет өкілдерінің біразын жатқа білеміз. Ал мәскеулік мұғалімдер неге Абайды білмейді?» деген қайсар қазақ қызының сұрағын сол тұстағы орыс басылымдарының зерделілері жарыса жазғаны бар. Бұл жағынан келгенде олар көп жағдайда әділдікке жүгінетінін несін жасырамыз. Мансап иелеріне ренжігенде: «Мансап иелері, атақты дегендердің барлығында жоғары азаматтық тұлға бар дейсіз бе? Сөз жүзінде көп. Көпіріп сөйлегендерге қарап отырып бір сәт тәнті болып қаласың, әсіресе, қазір ұлтжандылар, тіл жандылары қаптап кетті ғой. Кешегі желтоқсанда сол «көкелер» қайда болған?» дейтін де: «Оқу мен тәрбие мемлекеттік тілде жүргізіліп жатқан мектептердің тыныс-тіршілігі жайлы ғылыми іргелі зерттеулер де жоқтың қасы. Білім беру жолында әлемдік кеңістікке кіру үшін, мектебіміздің жағдайын жақсарту үшін халықтың тұрмысын жақсарту керек. Кадр таңдауда оның пысықтығы, ұйымдастырушылық қабілеті ғана емес, ең бастысы, ол бұрын қандай мұғалім болған, қандай жетістіктерге жеткен, жаңашылдық ізденістері бар ма, осы мәселелерге баса көңіл бөлінсе (әсіресе, мектеп директорларын тағайындауда). Кейбір мектептерде, әсіресе, басшыларында ғылыми-педагогикалық ізденіс, ойлы ізденіс өз дәрежесінде емес, басы артық шаралардан арыла алмай келеміз. Наурыз болса үй тігу, кабинеттерді әлем-жәлем бояп тастау, музейге айналдыру, бір ай дайындалып (концерт сияқты) ашық сабақтар өткізу, мұғалімдер жұмысын бағалаудағы үстірттік көзбояушылық авторитаризм, үстемдіктен арыла алмаушылық, инновациялық технологиядан ізденбеушілік... Санамалай берсек айтатын мәселе көп, соның ішінде қудалаудан мектептен жақсы мұғалімдердің, әсіресе, ер мұғалімдердің кетіп қалуы кері әсерін тигізуде», т.б – осы секілді мәселелерді көп қозғайтын еді. «Класымда немесе сабағымда үлгермеуші оқушылар жоқ» деген мұғалімнің жаны шықсын. Ол мүмкін емес», деп: «Шаталов, Амонашвили, Ильин секілді білімді адамдардың еңбегін жоққа шығару ойымда жоқ. Алайда, ешқайсына еліктемейтін, оның үстіне бала оқыту мен тәрбиелеу негізінде әрбір халықтың өзіндік ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін, ғасырлар бойы қалыптасқан тағылым тәжірибесін ескермеу және мүмкін емес. Сондықтан, өзіндік стилі бар мұғалімдерді жаңашыл деу керек», дейтін. Ол бұл байламдарын қарымды да алғыр қаламгер-журналист С.Әбішева мен Г.Құдайбергенованың «Қазақтың Қанипасы» атты кітабында айтқанын еске сала кетсек дейміз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен бір емес, бірнеше рет дидарласып, екі рет қолынан мемлекеттік марапаттар алған Қанипа Бітібаева қоғамдық ой бөлісулерден де сырт қалмайтын еді. Қолдай отырып, өз тұжырымын ашық айтатын. Семей полигонын жабу жөніндегі тарихи декретке Олжас Сүлейменовпен бірге қасқайып тұрып қол қойғанын біреу білер, біреу білмес.

Ұлт мектебінің айтулы өкілі 69 жасында, өткен жылдың 9 қыркүйегінде өмірден озғанда шығыс жұрты, сол тұстағы өңір әкімі, қазір Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев бас болып, асылын ардақтаудың әдемі үйренер, ескерер, еске сақтар үлгісін көрсетіп шығарып

салған еді. Қыркында қырық жыл еңбек еткен білім ұясының қабырғасына ескерткіш тақта орнатты. Сол жақсы бастама кейін жалғасын тауып, дәуірдің дара ұстазының 70 жылдығына орай, биылғы сәуір айында сәтімен оқу-әдістемелік мұражайы ашылды. Оған ұйытқы болған бүгінгі облыс әкімі Д.Ахметов, облыстық білім басқармасының басшысы А.Нұрғазиев, Жамбыл атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-гимназия интернатының директоры М.Иқсанов, тағы басқа азаматтар еді. Ұстаз тағылым алатын, ұрпақ үйреніп қанаттанатын игілікті жұмыстың, яғни мұражайдың ашылу сәтінде шығыстың шынарындай мәртебесі биік Қанипа туралы үлкендер жағы ағынан жарылып еткен еңбегін, төккен терін айтса, өзі балапандай баулыған талантты шәкірттері жырдан шашу шашты. Әсіресе, облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар ұстаз туралы ой өрбіткенде көптің көкейіндегіні қозғап, түймедей түйіп тастауымен тәнті етті. Шығыс жұртының жұдырықтай жұмылып келіп, ұлт ұстазына жасаған құрметіне куә болғанда, шіркін-ай, осындай Қанипасының қадірін арттырған іс өзгеге жұғысты болса ғой, бұл түркі дүниесінің алтын бесігі саналатын Алтай тауының баурайын мекен еткен азаматтарға ғана жарасар жақсы іс пе деген ойға қалғанымыз анық. Жүз шаршы метрлік аумақты алып жатқан мұражайдың бір үлкен, екі кіші залы тұнып тұр. Әр заттан, әр еңбектен ұлт ұстазының өмір жолы, өскен ортасы, том-том кітаптары, ғылыми-зерттеулері, құжаттар, 8 мыңнан асатын көрнекі құралдар, әдістемелер – бір педагогикалық институттың қазынасындай әсерге бөлегені рас. Осы арада мына бір айтулы істі еске түсіре кетсек дейміз. Ол тәуелсіздік қарсаңында ұлт мектептерінің жайын ерте ескерген, сол кездегі Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов Қанипа Бітібаеваның оқу кабинетін қазақ тілінің өркенін өсіру үшін арнайы бұйрықпен авторлық зертхана мектебі етіп ашып берген еді. Еліміз бойынша қазір сол зертхана мектептің 9 филиалы жұмыс істеуде. Өзге жұрттардың мықтыларын елеп-ескере отырып, өзіміздің жақсыларымыздың мұрасын әспеттеп, атын ардақтау ісін әлі де болса, толық жолға қоя алмай келе жатқанымыз ақиқат. Кейде қандай ардақты адам болса да іздеушісі жоқты атаусыз қалдыратын «қатерлі кеселге» жол беріп жүрміз. Бұл бірте-бірте ұлтты өсірмейтін, асылын танымайтын, үлгісін үйренбейтін сұмдыққа ұрындыруы кәдік. Осы күндері педагогика туралы сөз бола қалса кейбіреулеріміз өзімізден бұрын өзгені, Кеңес дәуіріндегі құлдық сананың құрығына жармасып, өзгенің педагогтарына иіліп, ұлт педагогикасының ұлыларымен, олардың ізбасарларын көзге іле қоймайтынымыз бар. Шындығына келгенде, әлемдік педагогиканы біле отырып, қазақ педагогикасының тамыры тереңде екенін ұғып, қазір көп айтыла қоймайтын, халықтық педагогикадан, Абай мен Алтынсариннен, одан кейінгі Алаш арыстарынан, күні кешегі Бітібаевадан, арамыздағы Қ.Айталиевтен іздесек, қане. Бұл тұрғыдан келгенде тәуелсіз ел педагогикасының алдыңғы толқыны санатындағы Қанипа Бітібаеваның қадірін арттыру жолында атқарар жұмыстар аз емес. Біріншіден, ұлттық педагогикадағы оның үлгісін танып-білу, оқу фильмдерін шығару, электрондық оқулықтарын жасау, авторлық бағдарламаларын, оқу құралдарын жазудағы тәжірибесін, еліміздегі

зертханалары филиалдарының жұмысын жүйелі жаңғырту, онда дәрістер оқуды жолға қою, барлық облыс орталықтарынан оның әдістемелік бөлімшелерін құрып, мұғалімдердің тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасау, т.б. Бұл ұлт педагогикасы сабақтастығының алтын арқауы болып, қарапайым мұғалімдердің ізденуіне жол ашары хақ. Бір қуанарлығы, шәкірттері ұстазы туралы алғашқы зерттеулерін шығара бастапты. Сегізінші сыныпта оқитын бір шәкірті болашақтағы күн сәулесімен жылынатын Бітібаева мектебінің жобасын жасап, Астана ЭКСПО-2017 көрмесіне тарту ретінде ұсынды. Осы үрдіс жалғасын тауып, толық жинағы, тақырыптар бойынша әдістемелік кітаптары шығарылып жатса, құба-құп. Бұл дүниелер ұлт ұстазын танумен қатар, мұғалімдер үшін таптырмас құрал болары сөзсіз.

Сүлеймен Мәмет